



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Қыдырмолдина А.Ш. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: Оқулық.-Алматы, 2014.-528бет.
3. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі.4-кітап. Оқулық. Алматы: «Эверо», 2010.-366 бет.
4. Кәрібаева Ә. Спорт терминдері. – Алматы, 1986 ж.
5. Жолымбетов Ө. Спорт әлемі. Балаларға арналған спорт анықтамалығы.-Алматы: «Сөздік-Словарь»,2010.-472 бет.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. -267

ӘОЖ 81'373.22

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН БЕЙНЕЛЕЙТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҮС АТАУЛАРЫ

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы

farizamm97@gmail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Сарекенова

Фразеологизмдерді зерттеу, оларды топтастыру, мағыналарын ашу мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібіне қойылып келеді. Ж. Қоңыратбаеваның айтуы бойынша ХХ ғасырдың басында проза тілінде тақырыбы жағынан жандана бастаған фразеологизмдердің бір тобы – табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдер.

Р.А.Авакованың «Фразеосемантика» атты еңбегінде фразеологизмдерді төмендегідей топтастырып көрсетеді:

- Адамның анатомиялық атаулары мен қимыл қозғалыстарына байланысты ;
- Жануарлар әлемі;
- Өсімдіктер әлемі;
- Табиғат құбылыстары;
- Өлшем бірлік;
- Сандық фраземалар;
- Түр-түстік және сындық;
- Алғыс және қарғыс мәнді;
- Мифтік және діни;
- Тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты [1,59];

Соның ішінде Г.Смағұлова табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған мағыналас фразеологизмдерді үш топқа бөліп қарастырды.

Ыстық күнге байланысты фразеологизмдер: аспан айналып жерге түскендей, аспан аптап, күн шыжу, құс қанаты күйгендей, қырық күн шілде, ми қайнатар;

Боранға байланысты фразеологизмдер: ақ боран,ақ түтек боран, ақ түтек үскірік, алай-түлей боран, қара боран, тас боран, шұнақ боран;

Суық, аязға байланысты фразеологизмдер: ақ қар,көк мұз,қызыл шұнақ сары аяз, қыстың көзі қырауда, сақылдаған сары аяз, сары шұнақ аяз [2,123].

Табиғат құбылыстары жел, боран, қар, құйын, жауын, тұман, қырау сияқты сөздердің ерекше бейнесін жасауда түс атаулары ұтымды пайдаланылады.

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдерді өз ішінді Ә.Қайдардың «Адам. Қоғам. Табиғат» деп аталатын үш томдық еңбегінің негізінде төрт топқа бөліп қарастыруымызға болады:

- 1) Жауын-шашынға байланысты фразеологизмдер: ақ жауын, сірке жауын;
- 2) Жел, боран, дауыл, құйынға байланысты фразеологизмдер: қара дауыл, ала құйын;
- 3) Табиғат тылсыматтарға байланысты фразеологизмдер: қызыл арай, алтын арай;
- 4) Ара райына байланысы фразеологизмдер: ми қайнатар, сары аяз;

Адам баласы табиғаттың бір бөлшегі. Табиғат әлемінде болып жатқан құбылыстар, тау-тас, өзен-көл, аспан әлемі, қоршаған орта адамның өміріне, күнделікті тіршілігіне әсер етіп отырады.


Бұл жөнінде А.Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» деген еңбегінде: «Көшпелілер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе жанданған қалпында қабылданады. Тілімізде дәл солай бейнеленеді» [3,194]. Мысалы:

- *ми қайнатар* → Біздің Мыңбұлақта ми қайнататын күн сирек (Ш.Мұртаза).
- *сақылдаған сары аяз* → Таңауды қусырып сақылдаған сары аяз жігіттердің қаперіне де кірер емес (С.Мұратбеков).
- *сары шұнақ аяз* → Әлгінде ет қызулықпен сезбепті, үскіріктің ашы зәрі күшейіп, кешкілікке қарай сары шұнақ аяздың құтырына түскен түрі бар (С.Мұратбеков).
- *күн шайдайашылды* → Жапалақтап жауған қардан кейін, алай-түлей боп жер-көкті сапыра теңселткен боран соғып өткен соң, ертеңіне күн шайдай ашылатын бір кез болады (С.Мұратбеков).
- *қара дауыл* → Қаперінде ештеңе жоқ шаруа иелері жылдағы дағдысымен жабағы жүндерін қыркып, енді жайлауға шығуға қамданып отырғанда, аяқ астынан бір қара дауыл соқты да кетті (Қ.Жұмаділов).

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдердің бір ерекшелігі – олардың құрамындағы түс атаулары.

Бұл туралы: «Табиғат бізге ерекше әсемдігімен, сәнімен, бояу-нақышымен қымбат. Оның сұлулығы, көз тартар көркі ең алдымен түрлі-түсті реңіне байланысты. Басын ақ қар шалған асқар таулары мен мұнартқан зеңгір шыңдар, арайлап атқан таң мен алаулап батқан күн, толқынды теңіздер мен айдынды шалқар көлдер, жөңки көшкен бұйра бұлттар мен күн сәулесімен көмкерілген кемпірқосақ, жасыл орман мен көкорай шалғын дала, жеміс жидек, гүл-бәйшешек, аспанда ұшқан аққу мен жерде жортқан алтайы қызыл түлкі т.б. – осының бәрі өз өңімен, өз реңімен, бір-бірін қайталамайтын неше алуан түрлі-түсімен, нақыш-бояуымен көрікті де көркем, әсерлі де әсем», - деп ғалымдар түр-түстің бейнесін береді [4,3].

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдерді түс атауларына қарай бөліп қарауға болады. Мысалы:



І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде осы фразеологизмдерге тоқталған:

Қара дауыл Екпінді, суық, ызғарлы жел. Сонымен Әлім мен Садық екеуі әлі де қақап тұрған аяз, қатты қара дауыл астында кейін қарай жол жағалап, жаяу тартып кетті (М.Ә.).

Қара жаңбыр Нәсерлі қалың жауын. Қара жаңбыр төпеп құйып, базардағы киімі

жұқаларды еріксіз қалаға айдады (С.М.).

Қара жел Жауын-шашынсыз азынап соққан өкпек жел. Ауыл сырты тозған сары жұрт болса да, бай ауыл қарашаның қатты суық қара желіне жонын төсеп, күзекті тақырлап жеп бітіргенше көшпей, тырысып отыр (М.Ә.).

Қара тұман Судың қалың буланып, жер бетін түгін іспеттес қаптауы мағынасында [5,157].

- Ақ → ақ (сүт) тұман
→ ақ жауын
→ ақ қар, көк мұз
→ ақ түтек боран

Зымыраған шананы ақ түтек лезде жұтты да кетті (Ш.Мұртаза).

Алыстан-алыстан ақ қар жамылған алқаптың ар жағынан қарауытып Евгенийканың тал-дарағы елес береді (Ш.Мұртаза).

Көк тіреген таулардың ақ қар, көк мұз жамылған шындары көрінбей кетті (Ш.Мұртаза).

Кей-кейде ұйытқып-ұйытқып жел соққанда терезе алды ақ түтекке айналды (Ш.Мұртаза).

Кеше ақ түтекборанда неге ол менің тереземнің алдынан кетпей қойды? (Ш.Мұртаза)

Үсті-бастары ақ қырау шөпшілер шаналарын қора алдына қатарластыра тоқтады (С.Мұратбеков).

- Ала → ала кеуін
→ ала қанат қар (жер бетінің бір аумағына тұтас жаумай, бір аумағына жауатын жерге ала тускен қар)
→ ала құйын (аяқ астынан көтеріліп, астан-кестең, қалай-болса солай ұйытқып соққан боранды жел) [6,138]
- Қызыл → қызыл шұнақ аяз
→ қызыл еспе (жел)

Қызыл түс табиғат құбылыстарының түрлі жағдайларын анық көрсетеді. Қызыл дегенде ең алдымен көзімізге от елестейді. Бұл туралы «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» атты еңбегінде қызыл деген о бастан жалынның, күннің түсі және бұл түс көптеген халықтардың белгісі ретінде де қолданылады. *Қызыл шұнақ аяз, қызыл жел, қызыл арай* секілді фразеологизмдер күнге, күнделікті ауа-райына қатысты айтылып отыр делінген [4,68].

Ақ, қара, ала, қызыл секілді түс атаулары эпитет қызметінде фразеологизмдердің мағыналық реңктерін дамытып, экспрессивтілік мән үстеп тұр.

Қорыта келгенде, ежелден табиғатпен етене жақын болған адамзат оның тылсым күштеріне, табиғат құбылыстарына ерекше мән берген. Қазақ тілінің сөздік қорының молдығы, байлығы біз нысан етіп отырған табиғат бейнесін беретін фразеологизмден көрінеді. Қазақ тілінің көркемділігін, айшықтылығын танытатын бұл тұрақты тіркестер көркем шығармаларда табиғатты барынша жанды суреттеуде, ерекше бейнелерін көрсетуде қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2002. – 192 бет.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. – 464 бет.
4. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков. Түр-түстердің тілдердегі көрінісі. –

Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.

6. Ә. Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 608 бет.

ПОДСЕКЦИЯ 6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

УДК 81'27: 316.772.2

ЗНАКОВАЯ ИНФОРМАЦИЯ ЦВЕТА В АСПЕКТЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

Алимкулова Сарвина

vdn_ru@mail.ru

Студентка Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
Шымкент, Казахстан

Научный руководитель – д.ф.н., доцент В.Д. Нарожная

При изучении межличностного общения, его становления, развития и функционирования как самостоятельной стороны социального бытия человека, его образа жизни представляется необходимым проанализировать и учесть все используемые людьми системы знаков с целью определения зависимости процессов от их семиотической природы.

Знаковые компоненты внешнего облика человека выступают в общении как визуальные средства передачи информации, компоненты так называемого «несловесного языка» общения. Термин «несловесный язык», «невербальный язык» используется рядом исследователей (И.Н. Горелов [1], Е.А. Петрова [2] и др.) и объединяет широкий круг явлений и предметов: от жестов, мимики до предметов быта и одежды. Употребляемый в современной науке в широком смысле слова этот термин обозначает все, что несет информацию о человеке, говорит о нем «бессловесно», являясь «безмолвной мысли знаком» [1], системой знаков, служащих средством осуществления человеческого общения и влияния на людей [2, с. 10].

Рассматривая визуальные знаки внешнего облика как *коммуникативный феномен*, следует помнить, что общение – это прежде всего обмен информацией. Вне этого обмена общение просто не существует. В связи с тем, что одним из центральных каналов передачи информации в процессе человеческого общения является визуальный, то «научное познание всех граней межличностного общения с информационной стороны может быть обогащено за счет анализа семиотической природы невербальных знаков общения, среди которых визуальные являются наиболее значительными» [2, с. 34].

Интерес к визуальным знаковым системам внешнего вида субъекта общения обусловлен богатством передаваемой ими информации. Основными направлениями психосемиотического исследования являются вопросы транс-формации, переработки и использования визуальной информации, передаваемой в процессе межличностного общения, уровни обмена этой информацией и факторы повышения ее эффективности, проблема преодоления различного типа коммуникативных барьеров, виды и способы коммуникативного воздействия и проблемы коррекции и управления их результативностью.

Психосемиотический подход к изучению имиджа человека позволяет говорить о знаковых компонентах, к которым относятся вербальный аспект, кинесика, габитус, предметная среда и многое другое, в том числе, социальное оформление личности, то есть одежда и аксессуары. Таким образом, по мнению Н.М. Калашниковой, «целью информационно-знаковой системы костюма является передача определенной информации от владельца одежды в окружающую среду, а сам костюм – способом установления